

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№507**

**2020 жылғы 26 ақпан**

**Жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы**

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Б.О.Елеусінованың, білім басқармасының басшысы Л.А.Оразбаеваның, кәсіпкерлік басқармасының басшысы Қ.М.Райымқұловтың, Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасының директоры А.Н.Даржанованың, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Қ.І.Сәрсембайдың баяндамаларын тыңдап және талқылай келе, «Жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру бойынша облыста тиісті жұмыстардың атқарылып жатқандығын облыстық мәслихат атап көрсетеді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Ақтөбе жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (Б.О.Елеусінова), «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (Л.А.Оразбаева), «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ (Қ.М.Райымқұлов) «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ (Қ.І.Сәрсембай) бірлесе отырып мынадай бағыттар бойынша «Еңбек» бағдарламасының нысаналы индикаторларын орындауға қол жеткізу ұсынылсын:

- «Еңбек» бағдарламасына қатысушыларды техникалық және кәсіптік біліммен және қысқа мерзімді кәсіптік оқумен қамтамасыз ету;
- жаппай кәсіпкерлікті дамыту;
- халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту;
- «Жастар - ел тірегі» ұлттық жобасының кешенді іс-шараларын іске асыру.

2. «Ақтөбе жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (Б.О.Елеусінова) ұсынылсын:

1) «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын үйлестіруді іске асыру жөніндегі жұмысты күшейту;

2) жергілікті еңбек нарығында кадрларға қажеттілікті анықтау және мониторинг жүргізу, жұмыс күшіне сұранысты реттеу;

3) өңірлік және аудандық (қалалық) комиссиялардың жұмысын ұйымдастыру;

4) «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (Л.А.Оразбаева) және Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасымен (А.Н.Даржанова) бірлесіп қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бойынша іс-шараларды үйлестіру бойынша жұмысты күшейту;

5) «Еңбек» бағдарламасына қатысу мәселелері бойынша азаматтарды ұдайы хабардар ету, ТжКБ-мен кадрлар даярлауды және қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды аяқтаған «Еңбек» бағдарламасына қатысушыларды жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсету;

6) жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларын ұйымдастыру бойынша жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасау;

7) жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша оқытуды жүргізу үшін біліктілік пен дағдылар тізбесі бойынша жұмысты жеделдету;

8) жұмыс берушілермен бірлесіп «Еңбек» бағдарламасына қатысушыларды «Алғашқы жұмыс орны» және «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары бойынша жұмысқа орналастыруды ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізу;

9) «Еңбек нарығы» ААЖ қалыптастыруды қамтамасыз ету, тұрақты негізде «Еңбек» бағдарламасына қатысушылардың жұмысқа орналасу мәніне мониторинг жүргізу.

3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (Л.А.Оразбаева) және аудандық (қалалық) білім бөлімдеріне ұсынылсын:

1) мобильдік топтар ұсынған деректер негізінде ТжКБ кадрлар даярлауға үміткерлердің тізімін қалыптастыру жөніндегі жұмысты күшейту және тізімдерді аудандық (қалалық) және өңірлік комиссиялардың қарауына шығару;

2) білім беру ұйымдарының, ТжКБ кадрларды даярлау және қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жөніндегі мамандықтар біліктіліктерінің тізбесін қалыптастыру және оларды аудандық (қалалық) және өңірлік комиссиялардың бекітуіне шығару;

3) мобильдік топтар қызметінің жұмысын күшейту, аудандар мен ауылдық округтер бойынша мобильдік оқу орталықтарының шығу кестесін қалыптастыру.

4. «Ақтөбе облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ (Қ.М.Райымқұлов) Ақтөбе облысының кәсіпкерлер палатасының директорына (А.Н.Даржанова), «Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ (Қ.І.Сәрсембай) жаппай кәсіпкерлікті дамыту және келесі міндеттерді шешу жөніндегі жұмысты жандандыру ұсынылсын:

1) несиелер/микронесиелер бойынша кепілдік беру жөніндегі шараларды іске асыру үшін қаражат бөлу;

2) «Еңбек» бағдарламасына қатысушыларды «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқыту;

3) ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда, қалалар мен моноқалаларда микронесиелер мен кепілдіктер беру арқылы кәсіпкерлік бастамаларын қолдау;

4) жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар беру;

5) қалаларда, моноқалаларда және ауылдық елді мекендерде несие беруді/ микронесие беруді іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

6) «Жас Кәсіпкер» жастар кәсіпкерлігін дамыту.

5. Ақтөбе қаласы және аудан әкімдеріне тұрақты негізде ұсынылсын:

1) «Еңбек» бағдарламасы бағыттарының шараларын тиімді іске асыруда жұмыспен қамту, білім беру, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы орталықтарына көмек көрсету;

2) «Еңбек» бағдарламасын іске асыру мониторингін жүзеге асыру;

3) ауданның және елді мекендердің мамандану картасын анықтау;

4) «Еңбек» бағдарламасына қатысушыларды кәсіпорындарда, ұйымдарда және іске асырылатын инвестициялық жобаларда жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;

5) жаңа жұмыс орындарын құру бойынша жұмысты үйлестіру, кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасау.

6. Кенттердің, ауылдық округтердің, аудандық маңызы бар қалалардың және қалалар құрамындағы аудандардың әкімдеріне ұсынылсын:

1) елді мекендерде «Еңбек» бағдарламасы шараларының тиімді іске асырылуын қамтамасыз ету;

2) халықты жұмыспен қамту орталықтарымен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, «Еңбек» бағдарламасына қатысу мәселелері бойынша халық арасында тұрақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

7. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасарына (М.Л.Тоқжанов) және облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясына (А.Қ.Есіркепов) жүктелсін.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**А. ЕСІРКЕПОВ**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**